Әділет

# Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті шығарған, жекешелендіру процесін реттейтін нормативті актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің қаулысы 1997 жылғы 4 тамыз N 386. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 4 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 51. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2000 жылғы 25 тамыздағы N 195 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 4 наурыздағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының жүйесін реформалау бойынша кезекті шаралар туралы" Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 маусымдағы N 984 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті туралы" қаулысының қабылдануына байланысты, Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеттің шығарған нормативтік құқықтық актілерін оларға сәйкестендіру, сондай-ақ өткізілмеген нысандар бойынша сатып алушылардың кең көлемін саудаға тартуды қамтамасыз ету және сауданы өткізу тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жекешелендіру жөніндегі департаменті қ а у л ы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті шығарған, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне (мәтін бойынша қосымша) мынадай өзгертулер е н г і з і л с і н :

а) "Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздері "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаменті" сөздерімен ауыстырылсын;

б) "одан әрі - Комитет" сөздері "одан әрі - Департамент" сөздерімен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

в) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүліктерді басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздері "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүліктер мен активтерді басқару жөніндегі департаменті" сөздерімен ауыстырылсын;

г) "Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздері "Ауылшаруашылық министрлігінің Жер

ресурстарын басқару жөніндегі комитеті" деген сөздерімен ауыстырылсын;

д) "Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы" сөздері "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жекешелендіру жөніндегі департаментінің директоры" сөздерімен ауыстырылсын.

2. 1996 жылғы 22 ақпандағы N 60 жекешелендірілетін нысандарды сату бойынша аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін, тіркеу N 158 1996 жылғы 11 наурыз:

а) 2.3.2. баптар мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Голланд әдісі бойынша саудаға қойылатын өткізілмеген кешендер бойынша ең аз баға тағайындалады, кепілдік жарнаның мөлшері Сатушының қалауы бойынша тағайындалады".

3. 1996 жылғы 11 маусымдағы N 240 "Жекешелендірілетін нысандарды сату бойынша ашық тендерлерді өткізу тәртібі туралы Ережеге" мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін, тіркеу N 186 1996 жылғы 23 шілде:

а) екінші абзацтың 6-тармағындағы:

- бірінші сөйлемнің "жәй" сөзі алынып тасталсын;

- мынадай мазмұндағы сөйлем енгізілсін: "Дауыс беру тәсілін (ашық, жабық) комиссия анықтайды".

б) 10-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Саудаға голланд әдісі бойынша қойылатын нысандар бойынша кепілдік жарнаның мөлшері нысанның бастапқы бағасының 5 процентіне дейінгі мөлшерде тағайындалуы мүмкін".

Жекешелендіру жөніндегі департаменттің директоры

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Жекешелендіру жөніндегі
департаменттің
1997 жылғы 4 тамыздағы
N 386 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті шығарған нормативтік құқықтық актілерінің ТІЗБЕСІ**

1. 1996 жылғы 7 ақпандағы N 37 аукциондарда мемлекеттік акция пакеттерін сату тәртібі туралы Ереже, тіркеу N 153 1996 жылғы 16 ақпан.

2. 1996 жылғы 9 сәуірдегі N 37 "1996 жылғы 7 ақпандағы N 37 аукциондарда мемлекеттік акция пакеттерін сату тәртібін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы, тіркеу N 76, 1996 жылғы 19 ақпан.

3. 1996 жылғы 22 ақпандағы N 60 жекешелендірілетін нысандарды сату бойынша аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ереже, тіркеу N 158 1996 жылғы 11 наурыз.

4. 1996 жылғы 19 наурыздағы N 106 мемлекеттік акция пакеттерін сату бойынша аукциондардан ұйымдастыру мен өткізуге арналған шарттарды жасау құқығы үшін конкурстарды өткізу тәртібі туралы Ереже, тіркеу N 178 1996 жылғы 28 маусым.

5. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының жер учаскелерін меншік құқығына беру, Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 25 сәуірдегі N 163 және Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеттің, бірлескен қаулыларымен бекітілген, сатуға қойылатын жекешелендіру нысандарын жер пайдаланушы құқығына беру бойынша органдардың өзара әрекет ету тәртібі, тіркеу N 179 1996 жылғы 8 шілде .

6. 1996 жылғы 11 маусымдағы N 240 Жекешелендіру нысандарын сату бойынша ашық тендерлерді өткізу тәртібі туралы Ереже, тіркеу N 186 1996 жылғы 23 маусым.

7. 1996 жылғы 11 маусымдағы "1996 жылғы 2 тамыздағы N 354 Жекешелендіру нысандарын сату бойынша ашық тендерлер өткізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" қаулыға толықтырулар енгізу туралы" қаулы, тіркеу N 19 1996 жылғы 6 тамыз.

8. Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 310 және Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1996 жылғы 16 сәуірдегі N 142 біріккен қаулыларымен бекітілген Жұмысшы жабдықтау басқармаларының (бөлімдерінің) жекешелендіру тәртібі туралы Ереже, тіркеу N 190 1996 жылғы 8 тамыз.

9. 1996 жылғы 24 мамырдағы N 206 Жекешелендіру нысандарын қарызға сату тәртібі туралы Ереже, тіркеу N 190 1996 жылғы 23 қыркүйек.

10. Мемлекеттік мүлік жөніндегі комитеттің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 354 және Мемлекеттік жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 183 қаулыларына Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1996 жылғы 16 шілдедегі N 497 және Мемлекеттік жекешелендіру

жөніндегі мемлекеттік комитеттің 1996 жылғы 16 шілдедегі N 204, бірлескен қаулыларымен енгізілген өзгерістермен және толықтыруларымен бірлескен қаулылармен бекітілген 01.01.96 ж. дейін жалға берілген мемлекеттік меншік нысандарын беру және тікелей бәсірелі сату Нұсқаулығы, тіркеу N 205 1996 жылғы 8 қазан.

11. 1996 жылғы 28 қарашадағы N 599 "1996 жылғы 22 ақпандағы N 60 Жекешелендіру нысандарын сату бойынша аукциондарды ұйымдастыру мен өткізу туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы, тіркеу N 27 1996 жылғы 25 желтоқсан.

12. 1997 жылғы 12 ақпандағы N 79 "Жекешелендіру нысандарын ауда-саттықта сатуды реттейтін нормативті актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулы, тіркеу N 38 1997 жылғы 22 ақпан.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК